ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 8 қараша №4360-24-00-2/2708 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Узбаева» атауымен әрекет етуші Узбаева Нургуль Ертаевна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:
Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Узбаева» атауымен әрекет етуші Узбаева Нургуль Ертаевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Узбаева» атауымен әрекет етуші Узбаева Нургуль Ертаевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Узбаева» атауымен әрекет етуші Узбаева Нургуль Ертаевна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бержанов К. М., 19.12.2024
4360-24-3-1/2823

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бержанов К. М., 19.12.2024

4360-24-3-1/2823